



№56
(1969)
18 шілде
2025 жыл,
жұма

JAMBYLTARAZ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

ӨРЛЕУ-ӨРІС

ТАРАЗДА ҚОС ОРТАЛЫҚ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Тараз қаласының «Ұлы дала» шағынауданында жаңа үлгідегі Неке кию және Халыққа қызмет көрсету орталықтары пайдалануға берілді. Салтанатты іс-шараға облыс әкімі Ербол Қарашөкеев пен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев қатысты.

Құрмаш ҚАПТАҒАЙ

Аймақ басшысы өз сөзінде орталықтың халыққа қызмет көрсету ісіндегі сапаны арттыруға оң септігін тигізетіндігін атап өтті.

– Азаматтық хал актілерін тіркеу саласы – әрбір адамның өміріндегі ең маңызды кезеңдерді, яғни дүниеге келу, отбасын құру, ата-ана атану секілді сәттерді ресми түрде тіркейтін жауапты жүйе.

Бұл сала – азаматтардың құқықтық мәртебесін қалыптастырып қана қоймай, қоғамның әлеуметтік, демографиялық ахуалына да тікелей әсер етеді. Өткен жылы осы салада көрсетілген 60 мыңға жуық қызметтің 6 мыңын неке мен мемлекеттік тіркеу құрап отыр. Ал осы жылдың 6 айында 1 180 неке қиылып, отбасылық жұп өмірінің жауапты кезеңіне қадам басты.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мықты мемлекеттің тірегі мықты отбасыдан басталатынын әр кез айтып келеді. Расымен де, отбасы – қоғамның іргетасы, тірегі. Сондықтан әрбір жас жұптың шаңырақ көтерген сәті ерекше құрметке ие. Бүгін ашылғалы отырған неке кию орталығы – осы жүйелі жұмыстың нақты көрінісі. Орталық ұсынатын қызметтер халыққа қолжетімді әрі сапалы бола түсетініне сенім мол, – деген Ербол Шырақпайұлы тұрғындармен бірге жаңа ашылған қос орталықты аралап, материалдық-техникалық базасымен танысты.

Айталық, Неке кию орталығы ғимараты облыс әкімдігінің қолдауымен қазіргі заман талаптарына сай жабдықталған. Мұнда кең салтанат залы, қалыңдық пен күйеу жігітке арналған бөлме,



фотосессия жүргізуге арналған алаң және фуршет аймағы қарастырылған. Залдың классикалық дизайны мен интерьері жайлылық пен мерекелік көңіл-күйдің ауанын қалыптастырады.

Ал Халыққа қызмет көрсету орталығында цифрлық кеңсе жүйесі енгізілген. Қызмет көрсету аймақтарға бөлініп, келушілер ағынын

реттеуге және қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Кең әрі жарық залдар мен заманауи құрал-жабдықтар тұрғындарға ыңғайлы жағдай жасайды. Ғимарат облыс әкімдігінің қолдауымен жөнделіп, қала тұрғындарына жайлы әрі қолжетімді қызмет көрсету мақсатында ашылды.

ӨРЛЕУ-ӨРІС

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте халықты жұмыспен қамту және атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша 2025 жылдың бірінші жартысында атқарылған жұмыстар сараланды.

ЖАМБЫЛДА 65 МЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Еркін Келесовтің айтуынша, биыл өңірде 65 647 жұмыс орнын құру көзделсе, бүгінге күнге дейін 25 918 адам еңбекпен қамтылған. Жыл басынан бері 28 912 адам жұмыспен қамту үшін белсенді шараларына тартылыпты. Жұмыс берушілер ұсынған және субсидияланатын жұмыс орындарына 22 753 адам жолданса, оның 8 330-ы тұрақты жұмыс орналасқан. Мемлекет басшысының әр 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын ашу туралы тапсырмасына сәйкес, 2 222 жұмыс орны ашылған. Жыл соңына дейін тағы 10 312 адамға арналған жұмыс орны құрылады деп күтілуде.

– 2025 жылдың соңына дейін тағы 500-ден аса адамның кәсіпкерлік бастамасына қолдау көрсету көзделіп отыр. Қысқа мерзімді кәсіптік оқумен 1 315 азаматты қамту жоспарланған, бүгінде 579 адам оқуға тартылды.

2025 жылдың 1 шілдесіндегі мәліметке сәйкес 3 408 отбасындағы 18 705 адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Биылғы алты айда АӘК алушылар саны өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8 933 адамға азайған. Сонымен бірге АӘК алушы отбасылардағы 1-6 жас аралығындағы 5 848 балаға ай сайынғы төлемдер жүргізілді, – деді Е.Келесов.

Облыс әкімі жұмыссыз азаматтарға нақты қолдау көрсетудің, еңбек ресурстарын тиімді пайдаланудың, кәсіби оқытуды жүйелі ұйымдастыру мен әлеуметтік көмек шараларының тиімділігін арттырудың маңыздылығын атап өтіп, бұл бағыттағы жұмысты күшейтуді тапсырды.

Жұмаш ЖОЛБОЛДЫ

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ-2025»

БАС ЖҮЛДЕ – БЕКТАСОВТАР ӘУЛЕТІНДЕ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының өңірлік кезеңінде жеңімпаз атанған отбасыларды салтанатты түрде марапаттады.



– Бұл байқау – тек үлгілі отбасыларды марапаттау ғана емес, сонымен қатар бірлігі жарасқан, берекелі шаңырақтарды көпшілікке танытып, өскелең ұрпаққа өнеге студия жарқын үлгісі.

Ел Президенті бейбітшілік пен дамудың бастауы отбасындағы тәрбие, көшедегі тазалық, қоғамдағы бірлік екенін үнемі айтып келеді. Әрбір берекелі отбасы – ел болашағының кепілі. Сондықтан бұл байқаудың мәні терең, маңызы зор.

Бүгін дара шыққан отбасылар – тек өз әулеттерінің ғана емес, барша облыс жұртшылығына үлгі, қазақ елінің матаңышы, – деді өңір басшысы.

Ербол Қарашөкеев мемлекетімізде ана мен баланы қорғау жүйесін жетілдіруге, отбасы құндылықтарын ұлықтауға, көпбалалы отбасылардың әл-ауқатын арттыру мен тұрмыс сапасын жақсартуға тұрақты көңіл бөлініп отырғанын атап өтті.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өңірлік кезеңінің қорытындысы бойынша үшінші орынды Дауылбаевтар (Талас ауданы) және Шайхиевтер (Меркі ауданы) отбасы иеленді.

Екінші орын Омаровтар (Мойынқұм ауданы) мен Абдуалиевтердің (Жуалы ауданы) шаңырағына бұйырды. Бірінші орын Әлімбетовтер отбасына (Байзақ ауданы) табысталды. Бас жүлдені Бектасовтар әулеті жеңіп алды.

Байқауда топ жарған отбасылар ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Олардың арасында теміршолшылар, жұмысшы мамандар, кәсіпкерлер мен шаруалар, білім және мәдениет саласының майталмандары бар.

Шара қорытындысында жеңімпаздарға қаржылай сертификат табысталды.

Еске сала кетейік, Жамбыл облысында 2014 жылдан бастап «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына 2 700-ден астам отбасы қатысқан. Олардың 60 пайыздан астамы – көпбалалы, ал 213-і – интернационалдық отбасылар.

Биыл конкурста Тараз қаласы мен аудандардан барлығы 222 өтінім түсіп, олардың ішінен 22 отбасы облыстық кезеңге жолдама алды.

Аман ЕСЕН

БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА

Жамбыл облысында «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында қайтарылған қаражат есебінен 5,1 млрд теңгеге 711 жоба несиелендірілді.

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: ЖЕРГЕ – ТЫНЫС, ЕЛГЕ – ЫРЫС

Атап айтқанда, мал шаруашылығын дамытуға – 240 жоба, жылжымай кешендерін салу бағытында – 33 жоба, ал басқа да бизнес бастамалар бойынша 438 жобаға қолдау көрсетілді.

2025 жылы бағдарламаны іске асыруға 5 млрд теңге қарастырылған. Бұл қаржы 25 ауыл шаруашылығы кооперативі мен 450 жеке кәсіпкерді қолдауға бағытталып, 525 жаңа жұмыс орны құрылған.

Мәселен, Т. Рысқұлов ауданы, Құлан ауылының тұрғыны Марат Алғашбек мемлекеттік бағдарлама аясында 9 млн 200 мың теңге көлемінде жеңілдетілген несиені алып, газ блоктарын шығаратын өндірістік цех ашты. Жоба шеңберінде бірнеше жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Бүгінде кәсіпкер өндіріс аясын кеңейтіп, пластик терезе мен есік жасау ісін де қолға алған. Оның айтуынша, ауыл ішінде бұл қызмет түріне сұраныс жоғары.

Т. Рысқұлов ауданында «Ауыл аманаты» 5 ауылдық округте жүзеге асырылуда. Жоба аясында 847 азамат жеке кәсіпкер атанып, 863 адамды жұмыспен қамтып отыр.

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

ӘУЛИЕАТА ӘКІМДІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Биыл көршілес жатқан аудандардан 14 елді мекен мен 2 саяжайдың қосылуы нәтижесінде Тараз қаласының жер көлемі 13 мың гектарға ұлғайып, халық саны 482 мыңға жеткені баршаға мәлім. Осыған орай облыс орталығы 2 әкімшілік ауданға бөлінген болатын.



Көкжиегі кеңейген көне шаһарда Әулиеата және Жібек жолы аудандарының құрылуы қаланың аумақтық тұтастығын, бүкіл қаланы бақылауды, жалпыұлттық қызметтерді аумақтық ұйымдастыру және төтенше жағдайлар кезінде күштерді жедел ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін қабылданған шара болды.

Бүгінде екі ауданның әкімшілік-аумақтық бөлінісіне сай қайта құрылымы бекітілді. Соның бір көрінісі – Әулиеата ауданы әкімдігінің «Ұлы дала» (15) шағынауданындағы әкімшілік ғимаратының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Бұл мақсатта жұмыс жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынған. Нысанның негізгі құрылыс-монтаждау жұмыстары сәуір айында басталған болатын. Мердігер мекемесі – «Агрспецстрой» ЖШС. Нысан 2026 жылға өтпелі.

Еркін САЙЫН